



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.004

## МЕКТЕПТЕГІ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗУ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

*Кудесова Гульдира Максұтовна*  
*ақпараттандыру жөніндегі білім беру*  
*ұйымы директорының орынбасары*  
*Сулекина Нургуль Мырзахеевна*  
*білім беру ұйымы директорының*  
*ғылыми–әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары*  
*«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының*  
*«Қостанай қаласы білім бөлімінің*  
*№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ*  
*Қостанай қаласы, Қазақстан*  
*E–mail: kudesovaguldira@gmail.com*

### Андатпа

*Өзектілігі: Білім беру ұйымында білім сапасын арттырудың бірден бір жолы – ақпараттандыру бөлімі. Ақпараттық саясат жүйелі жүргізілсе мектептің білім сапасы көтеріледі. Мақсаты: Білім беру ұйымында ақпараттық саясат жұмысын өз деңгейінде жүйелі жүргізу.*

**Түйінді сөздер:** ақпараттану, қашықтық, технология.

### Аннотация

*Актуальность: Одним из способов повышения качества образования в образовательной организации является информационный отдел. Если информационная политика будет проводиться системно, качество школьного образования повысится. Цель: Проведение на своем уровне системную работу по информационной политике в образовательной организации.*

**Ключевые слова:** информатика, расстояние, технология.

### Abstract

*Relevance: One of the ways to improve the quality of education in an educational organization is the information department. If the information policy is carried out systematically, the quality of school education will increase. Objective: To carry out systematic work on information policy in an educational organization at its own level.*

**Key words:** informatics, remotely, technology.

Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы, жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан мектепте жаңа ақпараттық орта құру, яғни оқушылар, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі, ата-аналар қатысатын күрделі, көп қырлы, ресурсқа негізделген үдеріс деп түсінеміз.

Оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мектеп дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Ақпараттандырудың негізгі мақсаты: білім беру үдерісіндегі барлық қатысушылардың ақпараттық мәдениетін жетілдіру және АКТ пайдалану арқылы мектептің білім сапасын арттыру болып табылады.

Осы мақсатта мектепте 2020–2023 оқу жылдары аралығына «Ақпараттандыру бағдарламасы» әзірленді. Бағдарламаның мақсаты, міндеті, күтілетін нәтижесі көрсетілген. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін іс-шаралар жоспары құрастырылды.

2022–2023 оқу жылындағы мектепті ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

– оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру және еңгізу үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

– оқушылардың, мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;

– оқу үдерісіндегі сабақтарды қашықтықтан ұйымдастыру;

– оқу үдерісінде ақпараттандыруды пайдалану арқылы білім сапасын арттыру;

– оқу үдерісінің материалдық–техникалық базасын дамыту.

Білім беру бағдарламаларының іске асырылуы мен білім беру жүйесінің дамытылуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп ұжымы келесі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жұмыс жүргізеді:

Тауарлардың сатып алу болжамы әр жылға жеке жоспарланған.

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2. 2020–2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. «Сапалы білім» Білімді ұлт» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысымен

бекітілген «Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар» бұйрығы. [2]

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында қолданылатын бағдарламалық–аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын минималды талаптарды анықтау туралы» 2020 жылғы 2 наурыз №79 бұйрығы.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығымен өзгерістер енгізілді.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 наурызда №8369 тіркелді) «Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» бұйрығы.

7. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 17 маусымдағы (05.06.2020ж. № 231 редакциясы).

8. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы No 418–V ҚРЗ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 30–бабының 1–тармағы.

Оқу–тәрбие жұмысын ақпараттандыруды келесі бөлімдер бойынша қарастырып, мектепшілік бақылау, директор жанындағы отырыс, педагогикалық кеңесте қарастырып талдап отырамыз:

а) Компьютерлендіру: Мектептің материалдық техникалық базасы (Компьютерлендіру;тарифтік жоспардың атауы, сыртқы және ішкі ресурстардың жылдамдығы; компьютерлік базаны жаңартуға жыл сайын бөлінетін қаражат көлемі; в) Пәндерге арналған зертханалар мен кабинеттердің болуы (физика, химия және т.б.) және олардың қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігі.

ә) оқу тәрбие үрдісін ақпараттық және инновациялық технологиялар бойынша мектептің қызметі:

Мектептің құжат айналымы және іскерлік хат–хабарлары электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады, бұл мектеп пен білім беру бөлімі, басқа мектептер арасында ақпаратпен алмасу үрдісін тұрақты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. [1, б. 89]

Интернет–ресурстарды пайдаланудың бағыттары әкімшілікке, мұғалімдерге, оқушыларға арналған және оны келесі жұмыс барысынан көруге болады:

Әкімшілік – электрондық пошта қабылдау және жіберу, арнайы сайттардан әдістемелік нұсқаулықтарды, оқу үрдісіне қажетті ақпараттарды алып пайдалануынан.

Мектеп әкімшілігі ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану келесі дерекқор–ларды құруға мүмкіндік берді:

– қызметкерлер туралы ақпарат (педагогикалық тәжірибе, біліктілік санаты, білімі, біліктілігін арттыру күні, қайта даярлау курсының тақырыбы);

– оқушылар туралы ақпарат (туған күні, ата–аналары туралы мәліметтер, тұрғылықты жері, ата–анасының жұмыс орны, байланыс телефондары);

– мектептің даму жоспары;

– ҰБТ туралы деректер т.б.

Оқу үдерісін ақпараттандыру бойынша әкімшілік жұмысында ерекше орын алатын – бұл әдістемелік бағыт. Оның мақсаты компьютерлік технологияларды дамытуда мұғалімдердің және оқушылардың қызығушылығын арттыру және осы бағытта педагогикалық шеберліктің өсуін ынталандыру болып табылады. [2, б. 15]

Мектептегі әдістемелік жұмыстардың арасынан мыналарды атап өту қажет:

– әдістемелік және педагогикалық кеңес;

– апталықтар

– семинарлар;

– сайстар;

– электрондық портфолио құру.

Барлық осы жұмыстардың міндеттері: оқыту, тәжірибе алмасу, жаңа технологияларды тәжірибеге енгізу болып табылады. Бұл жұмыстардың барлығын компьютерлік презентациялар мен флипчарттармен, видеолар арқылы өткізуді жақсы дәстүрге айналған.

Мектепте медиа кітапханасы құрылған.

а) Педагогикалық, әкімшілік және инженерлік–техникалық кадрлар саласында АКТ–ны қолдану бойынша даярлау және қайта даярлау.

Педагогтардың ақпараттануға байланысты біліктілікті арттыру курстары бақыланып отырылады.

ә) Семинарлар, вебинарлар (республика, облыс, қала, мектеп деңгейі).

б) Өз тәжірибелерімен бөлісу.

в) Оқушылардың ақпараттандыру және АКТ пайдалану туралы сайыстар және іс–шаралар, үйірмелер.

Соңғы жылдары елімізде болған індетке байланысты оқу–тәрбие үдерісін қашықтықтан ұйымдастырып жүргіздік. Қашықтықтан білім беру үдерісінде «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №15 ЖББМ» КММ мектеп директорының 2020 жылғы 03 қыркүйегінің №180–ші «2020–2021 оқу жылында қашықтағы білім беру үдерісінде қолданылатын платформалар туралы» бұйрығы негізінде жеткізушілермен келісімшарт жасасқан Online Mектеп, Kundelik.kz қазақстандық платформаларын, WhatsApp мессенджерін, электрондық поштаны қолданды.

Мектепте 2016–2017 оқу жылынан бастап электронды «Күнделік.kz» журналы жүргізіледі.

Электрондық күнделік – бұл кез–келген оқуға байланысты ақпаратқа нақты уақыт режиміндегі қатынас.

Ата–аналардың логин, парольдері жыл басында сынып жетекшілері арқылы таратылды. Жаңадан келген оқушы күнделікке еңгізілгенде оқушыға, ата–анасына бірден сынып жетекшісі арқылы логин, пароль беріледі. Сынып жетекшілері күнделікке қалай кіру керектігін түсіндіріп, толық ақпарат беріп, үйретіп береді.

Online Mектеп – қашықтықтан оқытуды ұйымдастырып жүргізетін платформа; мұғалім мен оқушының қашықтықтан өзара іс–әрекеті.

Мектеп мұғалімдері Айту Бексұлтан Нұсрұллаұлы, Қарсақбаев Қуанышбай Рысбекұлы, Каршалова Элмира Ғаниқызы республикалық Online Mектеп–тегі үздік БЖБ сайтына қатысып сертификат алды, «Қостанай қаласының әкімдігінің білім бөлімінің №15 ЖББМ» КММ «Үздік Online Mектеп 2020» республикалық байқауына қатысты.

Мектепте медиа кітапханасы құрылған.

*Медиатека* – кітап, мерзімді басылым, дыбыстық және бейнелік таспалар, CD, DVD секілді құралдарда ақпараттық ресурстарды жинақтау ортасы.

Мектеп кітапханасында – 951 дана Медиа ресурстар бар, сабақ үрдісінде пән мұғалімдері қолданады.

Сабақ үрдісінде [topiq.kz](http://topiq.kz) «Алматы кітап» электронды оқулығын қолданады.

[Topiq.kz](http://Topiq.kz) дегеніміз – заманауі цифрлық оқулық. Мәтіндері мультимедиялық мазмұнмен толық–тырылған электрондық оқулық.

Әр жыл сайын білімге енген әртүрлі құралдар мамандарды дайындаудың тиімділігіне оң нәтиже беріп, білім жүйесінің ақпараттық қамтамасыз етілуін сапалы жаңа деңгейге көтерді.

Қазіргі кезде оқу орындарында төмендегі құралдарды кездестіруге болады:

– дыбысты жазуға және дыбысты шығаруға арналған құралдар (электрофондар, магнитофондар, CD–ойнатқыштар).

– телефондық, телеграфтық және радиобайланыс құралдар мен жүйелері (телефон аппараттары, факсимильді аппараттар, телетайптар, телефон станциялары, радиобайланыс жүйелері).

– теледидар, радиомен хабар тарату құралдары мен жүйелері (теле және радио–қабылдағыштар, оқу теледидары мен радио, DVD–ойнатқыштар).

– оптикалық және проекциялық киномен фотоаппараттар (фотоаппараттар, кинокамералар, диапроекторлар, кинопроекторлар, эпидиаскоптар).

– ақпаратты көбейтуге және құжаттауға арналған баспалық, көшірмелік, көбейткіш және басқа да техникалар (ротопринттер, ксерокстер, ризографтар, микрофильмдеу жүйелері).

– ақпаратты сақтау мен өңдеуге, электронды түрде ұсынуды қамтамасыз ететін компьютерлік құралдар (компьютерлер, принтерлер, сканерлер, графатұрғызғыштар (графопострой–телдер).

– ақпаратты байланыс арналары бойынша тасымалдауды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық жүйелер (модемдер, өткізгіш, спутниктік, оптоволокондық, радиорелейлік желілер және ақпаратты тасымалдауға арналған байланыс арналарының басқа түрлері).

Білімде қолданылатын техникалық құралдарды топтастыруға болады. Бұл топтастыру әртүрлі белгілері бойынша болуы мүмкін. Атап айтқанда, барлық техникалық құралдар топтарға ақпараттың түрлері мен принциптеріне байланысты бөлінуі мүмкін.

Дәстүрлі ұқсас техникалық құралдар: Аудиоқұралдар (электрофондар, магнитофондар, микрофондар, күшейткіштер, акустикалық жүйелер, диктофондар, радиоқабылдағыштар, лингафондық жабдықтар, кассеталар, пластинкалар).

Графикалық және фотографиялық құралдар (фотоаппараттар, фильмоскоптар, диапроекторлар, эпидиаскоптар, диафильмдер, слайдтар, пленкадағы бейнелер).

Кинопроекциялық техникалар (кинокамералар, кинопроекторлар, кинопленкалар).

Видео және теледидарлық құралдар (телевизорлар, мониторлар, телекамералар, бейнекамералар, бейнемагнитофондар, бейнеплеерлер, бейнепроекторлар, бейнекассеталар).

Сандық техникалық құралдар: Аудиоқұралдар (цифрлік диктофондар мен плеерлер, цифрлік компакт–дискілер),

Графикалық және фотографиялық құралдар (сандық фотоаппараттар, лазерлік және магниттік дискілер, жадының электрондық карталары).

Проекциондық техникалар (мультимедиалық проекторлар).

Видео және телевизиондық құралдар (сандық бейнекамералар, DVD–ойнатқыштар мен DVD–плеерлер, лазерлік және магниттік дискілер, жадының электрондық карталары).

Ақпараттандырудың компьютерлік құралдары: дыбысты жазудың, өңдеудің және дыбысты шығарудың, мәтінді, графикалық және фотографиялық объектілерді жазудың, бейнені өңдеудің, жазудың компьютерлік мультимедиалық құралы, адамдардың телекоммуникациялық қатынасындағы телекоммуникациялық құралдар, ақпараттық қорларға қатынау құралдары.

Мұғалімдер және оқушылар түрлі деңгейдегі Интернет арқылы онлайн–сабақтарға, семинарларға, білім арттыру курстарына, КИО, НИО, Костанай Дарыны олимпиадаларына, ғылыми жұмыстарға қатысып жүлделі орындарға қол жеткізуде. Мектепішілік апталықтар, оң күндіктер жоспарға сай онлайн режимінде Online Мектеп платформалары арқылы өткізілуде. Оқу тәрбие–үрдісіндегі мұғалім, оқушы, ата–ана қоғамдастығы – ол бірлескен жұмыстың нәтижесі, үнемі тығыз байланыста болу үшін мектептің ресми сайты құрылды <http://mektep15.edu.kz/> Сіздер сайт ішінен мектеп өмірі туралы көптеген пайдалы ақпараттарды таба аласыздар. Мектеп сайтымен қоса мектеп истаграммы, фейсбугі де жүргізіледі.

«Жұмыла көтерген, жүк жеңіл» дегендей мектептегі үш одақ: мұғалім, оқушы, ата–ана үнемі бір бірімізді қолдап, бір бірімізге көмек көрсетіп, бірге жұмыс істеп, шешу жолдарын тауып білім сапасын арттырамыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ф.Бостанов «Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері». Алматы, 2014. 89 б.
2. Клейман Г.М. Болашақ мектептері: оқу үрдісіндегі компьютерлер. Алматы, 2010. 15 б.

УДК 373.51

### **ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННО–КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

*Купфер Анастасия Валерьевна  
магистр педагогических наук  
педагог–модератор, учитель художественного труда  
КГУ «Общеобразовательная школа №5  
имени Бауыржана Момышулы» УОАКО  
г. Костанай, Казахстан  
E–mail: anastasiyakupfer@yandex.kz*

#### **Аңдапта**

*Өзектілігі және мақсаты. Мақалада ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, сабақтың заманауи көрінісі қарастырылады. Автор жалпы білім беретін мектепте сабақтың әртүрлі кезеңдерінде ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Көркем еңбек сабақтарында ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері ашылады*

**Түйінді сөздер:** ақпараттық–коммуникациялық технологиялар, көркем еңбек

#### **Аннотация**

*Актуальность и цель. В статье рассматривается современное представление урока с использованием информационно–коммуникационных технологий. Автор рассматриваются возможности применения информационно–коммуникационных технологий на разных этапах урока в общеобразовательной школе. Раскрывается специфика применения информационно–коммуникационных технологий на уроках художественного труда*

**Ключевые слова:** информационно–коммуникационные технологии, художественный труд

#### **Abstract**

*Relevance and Goal. The article discusses the modern presentation of the lesson using information and communication technologies. The author considers the possibilities of using information and communication technologies at different stages of the lesson in a secondary school. The specifics of the use of information and communication technologies in the lessons of artistic work are revealed*

**Key words:** information and communication technologies, artistic work

Задача учителя состоит в том, чтобы заинтересовать, замотивировать обучающихся, привлечь их внимание, чтобы они захотели получать знания, и учились добывать их самостоятельно. Учитель, владеющий современными информационно–коммуникационными и педагогическими техно–